

восточные страны не собираются отказываться от своих культурных идентификаций. Более того, велика вероятность ослабление западного влияния, по причине упадка коренного населения. Отдельного внимания заслуживает, конфликты между исламом и западом, так как на сегодняшний день это очень актуальная проблема. Главной причиной исламофобии на западе, является большое количество терактов, из за которых у западных людей появилось недоверие к исламу в целом. Ярким примером этого, служат террористические акты 11 сентября 2001 года, теракт произошедший вечером 13 ноября 2015 года, который стал самым крупным терактом в истории страны, постоянные нападки и угрозы со стороны так называемых «ИГИЛ», все эти примеры служат подтверждением конфликта между исламом и западом, хотя все эти теракты исходят от людей не имеющего никакого отношения к истинному исламу, и это тоже важно не забывать. Хотя по мнению самого Хантингтона ислам – фактор агрессии. Отходя от темы конфликта между исламом и запада, стоит отметить прогноз отхода Крыма к России, потому что он с точки зрения цивилизации относится к России, а не к западу. На сегодняшний день сложно заявлять о том, что был С. Хантингтон прав или нет, о его теории можно вести бесконечные споры, однако всё же стоит признать, что его теория пусть и не идеальна, но всё-таки является примерной характеристикой того, что происходит на сегодняшний день, а нам в свою очередь остается только надеяться на лучшее.

В заключении хотелось бы сделать вывод, что цивилизационный подход, действительно даёт возможность строить прогнозы будущего всего человечества, некоторые из них с точностью сбываются, а некоторые лишь дают примерное представления того, чего нам стоит ждать от мира. Так на сегодняшний день, мы можем видеть, как Казахстан в своём стремительном развитии, также, делает упор на культуру и духовные ценности, тому подтверждением, является программа под названием «Модернизация общественного сознания». В своей статье, президент Республики Казахстана, Нурсултан Абишевич Назарбаев, говорит «первое условие модернизации нового типа – это сохранение своей культуры, собственного национального кода. Без этого модернизация превратится в пустой звук... Новая модернизация не должна, как прежде, высокомерно смотреть на исторический опыт и традиции. Наоборот, она должна сделать лучшие традиции предпосылкой, важным, условием успеха модернизации» [6]. Из слов президента, можно сделать вывод о том, что наша страна уверенно шагает, на пути укрепления нашей культурной идентификации, и строения собственной, новой цивилизации, основанной на нашей истории и традициях. Одним из главных шагов в этом направлении, это переход на латинскую графику, который позволит укрепить позицию национального языка на мировой арене, а как мы уже знаем, язык – это один из самых главных элементов, каждой культуры, а культура в свою очередь, занимает основную роль в цивилизационном подходе.

#### Литература:

1. Шпенглер О. Закат Европы: Очерки морфологии мировой истории. М.: Мысль, 1993. Т. 1. – 663 с.
2. Тойнби А. Постигание истории. — М.: Прогресс, 1991. – 640 с.
3. Сорокин П. Человек. Цивилизация. Общество. М.: Республика, 1992. – 540 с.
4. Хантингтон С. Столкновение цивилизаций. — М.: АСТ, 2003. – 34 с.
5. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. М.: Айрис-пресс, 2006. – 557 с.
6. Статья Главы государства "Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания" от 12.04.2017

**Әбдіраман Н.Т., Каирбекова Қ.Т.** Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ. , «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 3-ші курс студенттері  
(*Ғылыми жеткішісі - ә.ғ.м., доцент м.а. Аязбаева А.Т.*)

#### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НОНКОНФОРМИЗМГЕ БЕЙІМДІЛІГІ – САНА АШЫҚТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ**

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында Елбасы тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың алты бағытын ұсынды. Соның бірі – сананың ашықтығы. Яғни, сана жаңғыру үшін оның ашық болмағы керек. Ол – қоғамның әр мүшесі өзінің мұрнының асты, көзінің жетер жерімен шектеліп, өз ойымен ғана тұмшаланып қалмай, әлемдік ой-сананың дамуына ілесіп, оған үн қоса алуы. Қазіргі жаһандану қарқын алған тұста, бәсекеге қабілетті болу үшін осы ашық сана ауадай қажет [1].

Осы сананы қалыптастыру үшін біз келешек ұрпағымызды осы бағыт-бағдарда тәрбиелеуіміз керек. Осы мақсатқа жету жолында кедергі болатын құбылыстардың бір феномені ретінде әлеуметтік психологияда кеңінен конформизм феномені деп таралған.

Конформизм- нақты немесе қиялдағы топтық қысыммен қадағаланып отыратын жүріс-тұрыс. Яғни конформизм басқа адамдардың іс-әрекетін қайталау ғана емес, сонымен қатар ол – қоршаған ортаның адамға қалай ықпал етуіне байланысты мінез-құлық. Конформизм адамның мінез – құлқы мен пікірінің өзгелерге сәйкес өзгеруін білдіреді [2]. Бірінші болып оны С. Аш 50-ші жылдары зерттеді. Ол келесі қорытындыларға келді. Оның ойынша, барлық адамдар конформистер мен нонконформистерге бөлінеді. Ричард Крачфилд өзінің зерттеулерінің нәтижесінде осы салада эксперименттер жүргізді, ол С. Ашқа ұқсас тұжырымдарға келді. Крачфилд эксперименттерінің нәтижелері бойынша, 30% топтың дұрыс емес пікіріне қосылғаны анық. Осылайша, Р. Крачфилд С. Аш сияқты, сыналушылардың шамамен үштен бірі конформды мінез-құлықты анықтады. "Конформация үрдісі – тұлғаның іргелі қасиеті", – дейді Р. Крачфилд. Тағы да осы феноменді Стэнли Милгрэм (1965, 1974), Музафер Шериф (1935-1937), Таян Шартран мен Джон Барк (1999) зерттеген [3].

Баланың конформдылығы балалық шақта қарқынды қалыптасатын мінез-құлықтың келесі маңызды компоненттеріне құрылады:

- басқаға еліктеушілік;
- топтың пікірін есепке алу;
- мінез-құлық үлгілерін көшіру және иемдену;
- топпен эмоционалды бірігу;
- топқа бағынушылық (топтық, жас, жыныстық, отбасылық және т. б.,
- топтың пайдасына орай өз ұмтылыстарынан бас тарту [4].

Г. Келмен конформды мінез-құлықты оны жүзеге асыру механизміне байланысты қарастыруды ұсынады: бағыну, сәйкестендіру, интернализация. Балалық шақтағы ең көп таралған сәйкестендіру механизмі болып табылады, өйткені оқушы өміріндегі маңызды тұлғаның үмітін ақтауға ұмтылады. Реципроктық-рөлдік қатынастар нысанында сәйкестендірілген жағдайда өзара іс-қимылдың әрбір қатысушысы басқа белгілі бір мінез-құлықтан күтеді және серіктес (немесе топ) күтуді өзі ақтауға тырысады. Егер қалыптасқан қарым-қатынастар субъектіні қанағаттандырса, ол серіктес оны бақылайтынына немесе байқамағанына қарамастан өзін ұстанатын болады, өйткені өзін-өзі құрметтеуі үшін басқаның үміттерін айтарлықтай ақтауға болады. Бағынған жағдайда, басқа адамның немесе топтың әсерін қабылдау таза сыртқы, прагматикалық сипатта болады, ал мұндай мінез-құлықтың ұзақтығы ықпал ету көзінің болу жағдайларымен шектеледі. Бала топпен келіседі, себебі бұл оған пайдалы, бұл ретте пайда міндетті түрде түсінілмейді. Конформизм мәселесі психологияда және әсер ету объектісінің жеке ерекшеліктері, топтық қысымға бейімділік дәрежесі тұрғысынан зерттеледі. Көбінесе өзін-өзі төмен бағалау, өзін-өзі құрметтемеу және сенімсіз болуы сияқты жеке тұлғаның ерекшеліктері бар [5].

#### **Зерттеу жұмысының тәжірибиесі:**

Еліміз егемендік алып дамыған, руханиятты елдердің қатарынан көріну үшін білім сапасына да зор көңіл бөліп, балаларды болашақ тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етуіміз керек. Қазіргі кезде тұлғаны жан-жақты білімді, ізденімпаз, ойы ұшқыр, саналы, зерек, жауапкершілігі зор, қоғам талаптарын қанағаттандыратындай етіп қалыптастыру ең маңызды мәселелердің бірі болып отыр. Оны шешу үшін оқушыға әсер ететін факторларды анықтау керек. Соның біріне біз зерттеуіміздің мақсатын бастауыш сынып жастағы балалардың өзін-өзі бағалау мен конформдылық мінез-құлық көріністерін зерттеуі ретінде алдық. Конформдылық мінез-құлықты біз екі контекстте қарастырдық: топтың ықпалына тәуелділік және өзін-өзіне баға беру. Зерттеу барысында келесі әдістемелер қолданылды: 1) Қара және ақ пирамидалар әдістемесі; 2) Соломон Аш эксперимент- әдістемесі; 3) Конформ- нонконформ Кеттел тесті- әдістемесі.

Зерттеу жұмысымыз 2 кезеңнен тұрады:


1. кезең – алғашқы кезең – бастауыш сынып оқушыларымен 1-4 сынып аралығында эксперимент және тест жүргізілді .

2. 2.кезең – бастауыш сынып оқушыларымен және ата-аналарымен «Мен және қоғам» тақырыбында тәрбие сағатын өткізілді.

3. Тәжірибиеге қатысқан оқушылар саны: 47


Ата-аналар саны: 11

**1,2 және 3 сыныпқа жүргізілген тәжірибе нәтижелері бойынша:**



Тестке қатысқан оқушылар саны: 30

### Нәтиже



Зерттеу барысында бастауыш мектепке жасындағы балалардың конформалық мінез – құлқының өзін – өзі бағалау деңгейі мен құрылымынан тәуелділігі туралы деректер алынды, - жоғары дифференциалды емес өзін-өзі бағалауы да әсер етеді. Алынған мәліметтерде өз құрдастары тобының пікірімен келісімнің көрінісі, көптеген бастауыш мектепке жасындағы балалардың өзін-өзі жоғары сараланған бағалауымен көрсететінін куәландырады. Зерттеу нәтижелері бойынша, біз бастауыш сынып оқушылардың ұжымның ықпалына ұшырауы мен құрбыларының топтық пікіріне тәуелділік таныту арасындағы байланысты анықтадық. Кері тенденция да орын алып отыр – нонконформизмді көрсететін балалар үшін төмен төзімділік тән. Бастауыш мектепке жасындағы балалардың формалды мінез-құлықтары жоғары өзін-өзі бағалаумен байланысты, ал ересектердегі конформизмді зерттеуде дәстүрлі түрде өзін-өзі бағалаудың төмен факторы бөлінеді. Бұл факт конформдық мінез-құлықтың күрделі жас динамикасын болжауға мүмкіндік береді. Конформдық мінез-құлықты шынайы түсіну мен түсіндіру көптеген ситуациялық, топтық, жеке-тұлғалық факторлардың жанама әсерін және топтың тіршілік әрекетінің табиғи жағдайларындағы олар тудыратын әсерлердің арақатынасын есепке алу салдарынан ғана мүмкін болады.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың сыртқы әсерге деген секемшілдік айқын психологиялық-педагогикалық салдары, баланың элеуметтік ортасының сыни және саналы қалыптасуы, байқалатын мінез – құлықтың үлгілерін шектеу және оларды екпінмен жақын ересек адамдарға анық түсіндіру болып табылады (жақсы – жаман; мүмкін-болмайды). Сонымен қатар, даму міндеті жеке сезімдерге құлақ салу, түрлі пікірлер мен көзқарастарды салыстыру, сыртқы әсерге сыншылықты дамыту қабілеті ретінде дараландыру векторын күшейту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [http://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy/](http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy/).
2. *Elliot Aronson* «The social animal».
3. *David Myers* «Social psychology».
4. *Белинская Е.П., Тихомандрицкая О.А.* Социальная психология личности. – М.: Аспект Пресс, 2001.
5. *Зимбардо Ф., Ляйне М.* Социальное влияние. СПб.: Питер. 2001. – 316 с.

**Багтов Т., Жақсылық Ә.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультет, БОПЖӘ-41 тобының студенттері  
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Шаяхметова М.Н.*)

### ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДАҒЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Қазіргі заманда оқушыға сапалы білім беру үшін мұғалімнің өзінің педагогикалық білімі, іс-тәжірибесі жоғары деңгейде болу керек екені дау тудырмайтын жағдай. Адам баласының ғылым мен мәдениет әлеміне енуінің сара жолы – білім. Әлемдегі білім беру саласында өзгерістер өте көп. Бүгінгі күнде азаматтардың сауаттылық деңгейін көтеру және экономикалық даму жолындағы адамдардың экономикалық критериелерге жауап беруіне деген мақсатында білім саласында тың идеялы жүйелер пайда болып жатыр. Қазақстан Республикасында орта білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы - заманауи ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Елімізде білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Оқушыларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой –өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Аталмыш бағдарламаның мәні - баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімнің өмірінде қажетке асыра білуі керек. Заманауи қоғамның қажеттілігі жоғары азаматына білім беру – әлеуеті жоғары дамыған, ізденімпаз, жаңаша ойлай алатын, өзіндік ұстанымы қалыптасқан, рухы мықты адамды тәрбиелеу. Сондықтан, ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстазына байланысты. Өздігінен білім алуға талпынатын, жан-жақты ізденімпаз, алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға тәрбиелеу – мұғалімнің міндеті. Ол міндетті жүзеге асыру үшін әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін шыңдау қажет. Жаңартылған бағдарлама негізінде жұмыс істеп жатқан мұғалімдердің жаңаша көзқарасы қалыптасуда. Мұғалімдер оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін шебер қолданып, оқушының ішкі уәжін туғызып, белсенділігін көтере алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Ал, оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты - білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқу жетістігін бағалау - бұл білім алушының кері байланыс арқылы білім беру үдерісін реттейтін және түзететін оқу мақсаттарына сәйкес жоспарланған нақты қол жеткізген нәтижесінің дәрежесін белгілейтін үдеріс. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральды қағидатпен берілуі. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтуде [ 1, 8-10].

Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Бағалау латын тілінен аударғанда «*жақын отыру*» дегенді білдіреді. Бағалау кезінде біз оқушылармен бірге отырамыз. Біз барлығын солармен және солар үшін жасаймыз. Рәсімдерді оқушыларға тек қолданып қана қоймаймыз (Грин, 1999). Бағалау – бұл оқытуды дамыту мақсатында оқушылардың дәлелдерін жинау үшін қолданатын формальды және формальды емес үдерістер (Блэк және Уильям, 1998). Бағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олардың қандай қиындықпен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, балалардың өзара әңгімесін тындап,